№ исх: 21-9/1333 дз от: 28.06.2019

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаты**
**Н.О. Дулатбековке**

*2019 жылғы 29 мамырдағы № ДС-98*

**Құрметті Нұрлан Орынбасарұлы!**

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймыз.

Өткен ғасырдың Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның өліміне әкеп соққан 30-шы жылдардағы аштық болып табылады.

Бүгінгі күні елімізде Қазақстанның Үшінші жаңғыруы іске асырылуда. Бұл өзгерістердің өзегі қоғамның рухани жаңғыруы болып табылады. Ол Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына және «Ұлы даланың жеті қырының» басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта адамдардың осы оқиғаларға деген қарым-қатынасы өзгерді және Қазақстанның әрбір тұрғыны осы трагедиялардың ауқымын және олардың ел тарихы үшін зардабын терең сезіне біледі.

Биыл 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні әртүрлі іс-шаралар өткізілді, оның ішінде рухани және конфессия өкілдері ұйымдастырған азалы дүрбелеңдер, мемориалдарға гүл қою, телеарналарда XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы тарихы, қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған халықтардың тағдыры туралы деректі фильмдер мен арнайы бағдарламалар көрсетілді. Сонымен қатар, аталмыш тақырып жаңалықтар сюжеттерінде және тарихшылар, саясаттанушылар және басқа да мүдделі мамандармен сұхбаттарда кеңінен жарияланды. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарында ойын-сауық контентінің төмендеуі байқалды.

28.06.2019 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Копия электронного документа.

Бұдан басқа, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін өткізудің бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі Сіздің идеяңызды қолдай отырып, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі кейіннен ұсыным ретінде барлық мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға жіберілетін жобаны әзірлеуде.

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін өткізудің бірыңғай тұжырымдамасы жыл сайын 31 мамырда өткізілетін іс-шаралардың толық циклін ретке және біркелкілікке келтіруге мүмкіндік беретін болады.

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні телевизия мен радиодағы контентті шектеу қатысты «Ақпаратқа қол жеткізу туралы»[1] ҚР Заңына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу құқығы конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін екенін хабарлаймыз.

*Архив материалдарын еркін зерделеу, ғалымдарға архивтік құжаттарды талдау және жариялау мүмкіндігін алу, конференциялар мен симпозиумдарды ұйымдастыру және өткізу үшін жағдай жасай отырып, сол жылдар оқиғаларын объективті және толық зерделеуді жүргізу туралы*

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі Қазақстанның эволюциялық дамуы болып табылады. Сол жылдардағы оқиғаларды толық зерделеу мәселелері мемлекет пен қоғам тарапынан үлкен назар аударуды талап ететіндігі сөзсіз.

Ағымдағы кезеңде академиялық қауымдастық, ғылыми институттар, жекелеген мамандар әртүрлі зерттеулерді жүргізуде.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының[2] 6-бабына сәйкес еліміздің мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.

Қазіргі уақытта ішкі істер органдарының арнайы мемлекеттік архивтерінде 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы архивтік құжаттардың 110 мың сақтау бірлігі бар.

Қолдағы архив қорлары негізінде Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ) ведомстволық порталында «Мемориал» және «ҰОС әскери тұтқындары» әлеуметтік-маңызды сервистері ашылды.

Жалпы, ІІМ архивтері «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» және «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңдарының талаптарына сәйкес қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты сұрауларды орындайды.

Еліміздің мемлекеттік құпияларына жататын ақпаратты қоспағанда, қолданыстағы заңнама шеңберінде осы материалдарға[3] қол жеткізу шектелмеген.

---

[1] *«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы*
[2] *«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы*
[3] *«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы*

Сондай-ақ, ҚР жеке және заңды тұлғалары мемлекеттік және ведомстволық архивтерде және олардың филиалдарында сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттарын ашық тегін пайдалануға құқығы бар[4].

Одан басқа, мемлекеттік архивтер саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай, сақтаулы архивтік құжаттар негізінде тұрақты негізде көрмелер мен конференциялар ұйымдастырады, жарияланымдар шығарады.

Осылайша, мемлекеттік құпияларға жататын ақпаратты қоспағанда, архивтік материалдарды еркін зерделеу және ғалымдарға архивтік құжаттарды талдау мен жариялау мүмкіндігін алуға жағдайлар шектелмейді.

*Адамдардың жаппай қырылуы мен көмудің барлық орындарын айқындау және белгілеу, мемориалдық кешендер орнату, оларды Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алудың жалпы музейіне біріктіру және елдің сакралдық географиясына қосу туралы*

Бұл ұсыныс «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бағыттарына сәйкес келеді, онда әрбір халықтың тарихтан өз сабақтарын алуы керек екендігі туралы айтылған.

«Ұлы даланың жеті қыры» басымдықтарына сәйкес «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты парк-энциклопедиясын ашу жоспарлануда, онда танымал тарихи және қоғамдық қайраткерлердің құрметіне скульптуралық ескерткіш орнатуды ұсыну жоспарлануда. Әрине, олардың қатарында сөзсіз саяси қуғын-сүргін құрбандығына шалдыққан біздің зиялы қауым болады.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған 20-ға жуық ескерткіш орнатылды *(Нұр-сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Қызылорда қалаларында, Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында)*. Олардың ішінде, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында 10 ескерткіш еліміздің сакралдық объектілер тізіміне енгізілді.

Алматы облысы мен Шымкент қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейлер жұмыс істейтінін, сондай-ақ Қарағанды облысында «Долинка кентінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі», Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауылында Алашорда музейі, Семей қаласында «Алаш арыстары – М. Әуезов» музейі, Нұр-сұлтан қаласы маңында «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешені жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Жаппай саяси қуғын-сүргін тарихының тақырыбы біздің қоғамда да жоғары қызығушылық тудыруда. Күн сайын «АЛЖИР» мемориалдық-музей кешеніне оқушылар, студенттер, мемлекеттік қызметкерлер, саяси қуғын-сүргін тақырыбын зерттеумен айналысатын ғалымдар, жақын және алыс шетелдерде тұратын қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары келеді.

Ескерткіштерді, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіштердің эскиздік жобаларын салу ниеті туралы

[4] *«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабы*

ұсыныстарды Мәдениет және спорт министрлігінің онументалды өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі Комиссиясының қарауына жібере алады.

*Білім беру ұйымдарында еліміздің тарихын оқытуды қайта қарауға, «Қазақстан тарихының» орнына оқу бағдарламаларына енгізілген «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» курсын оқытудың тиімділігі туралы мәселені қарауға қатысты*

Білімнің салтанат құруы тек қана білімді жинақтауды ғана емес, сондай-ақ өздігінен білім алу мен өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуды білдіреді. Бұл қандай да бір жағдайларда перспективалар мен бәсекеге қабілеттілікті сақтауға мүмкіндік береді. Аталған негізгі ұғымдарды сен тұратын елдің тарихын білудің берік іргетасына негіздеу қажет. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан тарихы» пәні ерте заманнан қазіргі заманғы тарихқа дейін кезең-кезеңмен оқытылады.

Жоғары оқу орындарында бакалавриат деңгейіндегі тарихи емес мамандықтар үшін «Қазақстан тарихы» пәнін «Қазақстанның қазіргі тарихы» пәніне ауыстыру туралы шешім қабылданды *(3 кредит немесе 135 сағат).*

Өзгерістер қоғамдық пікірдің, технологиялардың қарқынды дамуымен және ХХ ғасырдың басынан бастап қазақ мемлекеттілігін қайта құру идеясының пайда болуымен байланысты болып отыр.

Бұл ұсыныс «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнының қайталануын болдырмау мақсатында академиялық қауымдастықтың, білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерінің ұстанымдары негізінде қалыптастырылған.

Білім және ғылым министрлігі осы шешімді 2016-2017 оқу жылы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына оны академиялық жұртшылықпен бірнеше рет талқылағаннан кейін өзгерістермен бекітті.

*Музейлерге туристік салаға және туристік бизнеске толыққанды қатысуға мүмкіндік беруге қатысты*

Бүгінгі таңда музейлердің өзіне жаңа бағыттарда дамуы және халықты кеңінен тартуы үшін жаңашыл идеяларды енгізуге толық мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, Мәдениет және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп музейлердің маркетингтік стратегияларын қайта қарау, цифрлық технологияларды енгізу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Музейлердің ресми сайттарында тиісті ақпараттар орналастырылады, олар өздерінің Facebook, Instagram, VK.com әлеуметтік желілерінде аккаунттар жүргізеді.

Ұлттық музейде 2017 жылдан бастап шет мемлекеттерден және елдің басқа өңірлерінен келген туристердің ыңғайлылығы үшін City pass бірыңғай туристік карта жүйесі енгізілді, Ticketon.kz сайтында онлайн билеттерді сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, бірқатар имиджік шоу-бағдарламалар, оның ішінде жыл сайын «Музейдегі түн» өткізіледі, ал 2015 жылдан бастап «Жұлдызды гид» жобасы іске қосылды.

Музейлер жұмысының негізгі бағыттарының бірі музейлік және көшпелі, оның ішінде халықаралық деңгейде көрмелер өткізу болып табылады. Мәселен,

соңғы 3 жылда республикалық музейлер 101 халықаралық, 46 халықаралық көшпелі, 1 149 музейлік және 419 өңірлік көшпелі көрме өткізді. Өңірлерде 24 778 көрме, оның ішінде 295 халықаралық көрме өткізілді.

Музейлердің көпшілігі заманауи IT-музей, электронды дүңгіршек, аудиогид жабдықтармен жабдықталған. Ақпараттық үстелдердің (сенсорлық), медиа дүңгіршектердің, арнайы контенті бар планшеттердің (мәтін, фото, видео), аудиогидтердің және QR-кодтардың көмегімен келушілерге өз бетінше үш тілде ақпарат алуға мүмкіндік берілген.

Сіз көтерген бағыттардағы жұмыс Үкіметтің бақылауында және ол Қазақстанның Үшінші жаңғыруын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Ұлы даланың жеті қыры» басымдықтарын іске асыру шеңберінде жалғасатын болады.

**Г. Әбдіқалықова**

М. Архахбаева
745930

№ исх: 21-9/1333 дз от: 28.06.2019

**Депутату**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
**Дулатбекову Н.О.**

*На № ДС-98 от 29 мая 2019 года*

**Уважаемый Нурлан Орынбасарович!**

На Ваш депутатский запрос относительно Дня памяти жертв политических репрессий и голода, сообщаем следующее.

Несомненно, одними из самых трагических страниц истории Казахстана прошлого столетия являются массовые политические репрессии и голод 30-х годов, повлекшие гибель миллионов человек.

Сегодня в стране реализуется Третья модернизация Казахстана. Сердцевиной этих преобразований является духовная модернизация общества. Она осуществляется в соответствии с программной статьей «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и приоритетами «Семи граней Великой степи» Елбасы Н.А. Назарбаева.

В настоящее время отношение людей к этим событиям изменилось, и каждый житель Казахстана все глубже представляет себе масштабы этих трагедий и их последствия для истории страны.

В этом году 31 мая – День памяти жертв политических репрессий и голода, проведены различные мероприятия, в числе которых траурные панихиды, организованные представителями духовенства и конфессий, возложение цветов к мемориалам, на телеканалах транслировались документальные фильмы и специальные программы об истории 30-х годов XX века, судьбах репрессированных и депортированных народов. Наряду с этим, данная тематика широко освещалась в новостных сюжетах и в интервью с историками, политологами и другими заинтересованными специалистами. При этом в средствах массовой информации наблюдалось снижение развлекательного контента.

Вместе с тем, поддерживая Вашу идею по разработке единой Концепции проведения Дня памяти жертв политических репрессий и голода, Министерством информации и общественного развития разрабатывается такой проект, который в последующем будет направлен всем госорганам и заинтересованным организациям в качестве рекомендаций.

Единая Концепция проведения Дня памяти жертв политических репрессий и голода позволит упорядочить и привести к единообразию полный цикл мероприятий, проводимых ежегодно 31 мая.

Касательно ограничения контента на телевидении и радио в День памяти жертв политических репрессий и голода сообщаем, что в соответствии с Законом РК «О доступе к информации»[5], право на доступ к информации может быть ограничено только законами и лишь в той мере, в какой это необходимо в целях защиты конституционного строя, охраны общественного порядка, прав и свобод человека, здоровья и нравственности населения.

*О проведении объективного и полного изучения событий тех лет с созданием условий для свободного изучения архивных материалов, получения ученым возможности анализа и публикации архивных документов, организации и проведении конференций и симпозиумов*

Одним из основных направлений программы «Рухани жаңғыру» является эволюционное развитие Казахстана. Вопросы полного изучения событий тех лет, безусловно, требуют большого внимания со стороны государства и общества.

На текущем этапе академическим сообществом, научными институтами, отдельными специалистами проводятся различные исследования.

Согласно статье 6 Закона РК «О доступе к информации»[6] не подлежит ограничению доступ к информации о массовых репрессиях по политическим, социальным и другим мотивам, в том числе находящейся в архивах, за исключением информации, относимой к государственным секретам страны.

В настоящее время в специальных государственных архивах органов внутренних дел на хранении имеются 110 тыс. единиц архивных документов о жертвах политических репрессий в 1920 – 1950 годах.

На основании имеющихся архивных фондов на ведомственном портале Министерства внутренних дел (далее – МВД) созданы социально-значимые сервисы «Мемориал» и «Военнопленные ВОВ».

В целом, архивы МВД исполняют запросы в отношении репрессированных лиц в соответствии с требованиями Законов РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» и «О государственных секретах».

В рамках действующего законодательства доступ к данным материалам[7] не ограничен, за исключением информации, относимой к государственным секретам страны.

Также, физические и юридические лица РК имеют право бесплатно пользоваться открытыми для использования документами Национального архивного фонда, хранящимися в государственных и ведомственных архивах и их филиалах[8].

---

[5] *статья 5 Закона Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года «О доступе к информации»*

[6] *статья 6 Закона Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года «О доступе к информации»*

[7] *статья 6 Закона Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года «О доступе к информации»*

[8] *статья 15 Закона Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года «О Национальном архивном фонде и архивах»*

Более того, государственными архивами ко Дню памяти жертв политических репрессий и голода, на основании хранящихся архивных документов, на постоянной основе организовываются выставки и конференции, издаются публикации.

Таким образом, условия для свободного изучения архивных материалов и получения возможности ученым анализа и публикации архивных документов не ограничиваются, за исключением информации, относящейся к государственным секретам.

*Об определении и установлении абсолютно всех мест массовой гибели и захоронения людей, установки мемориальных комплексов, объединение их в общий Музей памяти жертв политических репрессий и голода и включение их в сакральную географию страны*

Данное предложение соотносится с направлениями реализации программы «Рухани жаңғыру», где говорится об извлечении каждым народом своих уроков из истории.

В соответствии с приоритетами «Семи граней Великой степи» планируется открытие Парка-энциклопедии «Великие имена Великой степи», где планируется представление скульптурных памятников в честь наших знаменитых исторических и общественных деятелей. Несомненно, что в их числе будет цвет нашей интеллигенции, попавших под пресс политических репрессий.

В Казахстане установлено около 20-ти памятников жертвам политических репрессий и голода *(в городах Нур-Султане, Алматы, Актобе, Таразе, Павлодаре, Петропавловске, Костанае, Кызылорде, в Алматинской, Карагандинской и Восточно-Казахстанской областях)*. Среди них, 10 памятников в рамках программы «Рухани жаңғыру» внесены в список сакральных объектов страны.

Следует отметить, что в Алматинской области и городе Шымкент функционируют музеи, посвященные жертвам политических репрессий, также в Карагандинской области работает «Музей памяти жертв политических репрессий поселка Долинка», в с. Жымпиты Западно-Казахстанской области музей Алашорды, в городе Семей музей – «Алаш арыстары – М.Ауэзов», вблизи г. Нур-Султана – музейно-мемориальный комплекс «АЛЖИР».

Тема истории массовых политических репрессий вызывает живой интерес в нашем обществе. Ежедневно музейно-мемориальный комплекс «АЛЖИР» посещают учащиеся, студенты, государственные служащие, ученые, занимающиеся изучением темы политических репрессий, потомки репрессированных, проживающих в странах ближнего и дальнего зарубежья.

Предложения о намерении воздвигать памятники, а также эскизные проекты памятников, посвященных жертвам политических репрессий и голода, могут направляться для рассмотрения в Комиссию по установке новых сооружений монументального искусства Министерства культуры и спорта.

*О пересмотре преподавания истории страны в организациях образования, рассмотрении вопроса об эффективности изучения курса «История современного*

*Казахстана», который был введен в учебные программы вместо курса «Истории Казахстана»*

Культ знания означает не просто накопление знаний, а развитие способностей к самообразованию и саморазвитию. Это позволяет сохранить перспективы и конкурентоспособность даже в самых неопределенных ситуациях. Данные базовые понятия необходимо основывать на прочном фундаменте знания истории страны, в которой ты живешь. В этом проявляется одна из задач программы «Рухани жаңғыру».

В настоящее время в общеобразовательных школах предмет «История Казахстана» изучается поэтапно с древних времен до современной истории.

В вузах для неисторических специальностей на уровне бакалавриата принято решение о замене дисциплины «История Казахстана» на дисциплину «Современная история Казахстана» *(3 кредита или 135 часов)*.

Изменение обуславливается развитием общественного мнения, бурного развития технологий и появлением идеи воссоздания казахской государственности с начала XX века.

Это предложение сформировано на основании позиций академического сообщества, руководителей и работников организаций образования в целях исключения дублирования содержания дисциплины «История Казахстана».

Министерством образования и науки данное решение закреплено изменениями в 2016 – 2017 учебном году в Государственный общеобязательный стандарт образования, после его неоднократного обсуждения с академической общественностью.

*О предоставлении музеям возможности быть полноценно вовлеченными в туристическую сферу и турбизнес*

На сегодня музеи имеют полную возможность развиваться в новых для себя направлениях и внедрять новаторские идеи для более широкого вовлечения населения. Также Министерством культуры и спорта совместно с местными исполнительными органами проводится планомерная работа по пересмотру маркетинговых стратегий музеев, внедрению цифровых технологий.

Так, на официальных сайтах музеев размещаются соответствующие информации, они ведут аккаунты в социальных сетях Facebook, Instagram, VK.com.

В Национальном музее с 2017 года для удобства туристов из зарубежных государств и других регионов страны внедрена система единой туристической карты City pass, на сайте Ticketon.kz предусмотрена возможность покупки онлайн билетов. Также проводится ряд имиджевых шоу-программ, в том числе ежегодно «Ночь в Музее», а с 2015 года стартовал проект «Звездный гид».

Одним из основных направлений работы музеев является проведение музейных и выездных выставок, в том числе на международном уровне. Так, за последние 3 года республиканскими музеями проведены 101 международная, 46 международных выездных, 1 149 музейных и 419 региональных выездных выставок. В регионах проведено 24 778 выставок, из них 295 международных.

Большинство музеев оснащены современным оборудованием, такими как IT-музей, электронный киоск, аудиогид. С помощью информационных столов

*(сенсорных)*, медиа киосков, планшетов со специальным контентом *(текст, фото, видео)*, аудиогидов и QR-кодов посетителям предоставляется возможность самостоятельно получать информацию на трех языках.

Работа в поднимаемых Вами направлениях находится на контроле Правительства и будет продолжена в рамках реализации Третьей модернизации Казахстана, программы «Рухани жаңғыру», приоритетов «Семи граней Великой степи».

**Г. Абдыкаликова**

М. Архабаева
745930